

"Қостанай облысының су объектілерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 344 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 8 тамыздағы № 221 қаулысы. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2026 жылғы 15 сәуірдегі № 106 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 15.04.2026 № 106 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қостанай облысының су объектілерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 344 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29029 болып тіркелген) келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы келесі мазмұндағы реттік нөмірлері 119-3, 119-4, 119-5, 119-6, 119-7 жолдарымен толықтырылсын:

"

119-3	Аты жоқ көл	300	50
119-4	Тұзды көлі	500	50
119-5	Қоржынкөл көлі	300	50
119-6	Аты жоқ көл	300	35
119-7	"Қарталы- Рудный" магистральдық газ құбырының жер асты өткелін қайта жаңарту учаскесі шегінде Қаратомар су қоймасының жағалауы, Әйет өзені	500	35

"

2. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан

Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

Қ. Ақсақалов